

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі БІРІККЕН диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2024 жылға ЕСЕБІ

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі біріккен диссертациялық кеңес.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің /№190 бұйрығының негізінде «02» мамыр 2023 жылдан - «31» желтоқсан 2025ж./ дейінгі мерзімге ашылған I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрамындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау кеңесі жұмыс жасауда.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 27 ақпан №7 хаттама негізінде - 15 наурыз 2023 ж. №75П бұйырық) біріккен диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы бекітілді. Кеңес төрағасы - Ыбырайымжанов Калибек Турдыгазиевич. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің тұрақты құрамы туралы ақпарат университет <https://zhetysu.edu.kz/диссертационный-совет-2023> сайтында орналастырылған.

1. Өткізілген отырыстар саны – 2

Диссертациялық кеңестің кезекті отырыстарына философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін 2024 ж жалпы 2 диссертациялық жұмыс ұсынылды.

1. 8D01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағыты бойынша 1 жұмыс ұсынылды және қорғалды

2. 6D010300 – педагогика және психология мамандығы бойынша 1 жұмыс ұсынылды және қорғалды. Атап айтқанда:

15.03.2024 жылы 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында дайындалған докторлық диссертациясы диссертациялық кеңеске ұсынылып, қорғаудан өтті. <https://zhetysu.edu.kz/объявления-о-защитах-2023-г>

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – Диссертациялық кеңес отырысына кеңес мүшелері толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Жұмыс орындалған жоғары оқу орны	Шифр, мамандық және қорғау күні	Ғылыми кеңесшілері	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
---	-----	----------------------------------	---------------------------------	--------------------	-------------------------------------

1	Ансабаева Айнур Дуйсеновна	І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2024 жыл 15 наурыз, сағат 14.00.	Майлыбаева Гульмира Сабыровна философия докторы (PhD), І.Жансүгіров ат. Жетісу университеті, Талдықорған қ.; Мардахаев Лев Владимирович педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей мемлекеттік әлеуметтік униве рситеті, Мәскеу қ.	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2024 жылғы 03 мамырдағы № 444 «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» бұйрығымен бекітілді. Ансабаева Айнур Дуйсеновнаға 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.
2	Ауелбек Мурат Ауелбекұлы	І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	6D010300 – Педагогика және психология 2024 жыл 22 қараша, сағат 10.00.	Ыбыраймжанов Калибек Турдығазиевич – п.ғ.д., профессор, І. Жансүгіров ат. Жетісу университеті, (Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы); Андасбаев Ерлан Сулейменович – тех.ғ.д., қауымдастырылғ ан профессор (доцент), І. Жансүгіров ат. Жетісу университеті (Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы). Сенькина Гульжан Ержановна – п.ғ.д., профессор, Смоленск мемлекеттік университеті (Смоленск қ., Ресей Федерациясы).	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 34 «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» бұйрығымен бекітілді. Ауелбек Мурат Ауелбекұлы 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

4.1.1. 2024 жылдың 15 наурызда сағат 14.00-де «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру

бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Ансабаева Айнура Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында дайындалған докторлық диссертациясы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Педагогика және психология» жоғары мектебінде орындалған.

Қорғау: Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі біріккен диссертациялық кеңесте «6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша қорғалды. Қорғау тілі – қазақ тілі.

Ресми рецензенттер:

1. **Амирова Амина Слямхановна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімі. Мамандық шифры: 13.00.01 – «Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика».

2. **Шуиншина Шолпан Мырзақасымовна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы үздіксіз білім беру орталығының КЕ АҚ жетекші ғылыми қызметкері, Жаратылыстану-математика бағыты пәндері мен STEM технологиясы зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ президентінің ғылым жөніндегі кеңесшісі. 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика.

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесші:

Отандық ғылыми кеңесшісі – Майлыбаева Гульмира Сабыровна философия докторы (PhD), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.;

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Шетелдік ғылыми кеңесшісі – Мардахаев Лев Владимирович педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті, Мәскеу қ.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі онлайн тәртібімен қатысуда. (<https://us06web.zoom.us/j/9986561390?pwd=TtNFin5WGvibVr24MdWLLkIXXzMiha.1>)

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. Диссертациялық кеңес төрағасы – Ыбырайжанов Калибек Турдыгазиевич педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 8D01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» бағыты бойынша, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;

2. Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары – Жиенбаева Сайра Нагашибаевна педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 8D01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» бағыты бойынша, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (іс-сапарда болуына байланысты *онлайн катысуда*);

3. Ғалым хатшы – Стамбекова Асель Серкебаевна п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) 8D01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» бағыты бойынша, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

1. Абдуллаева Барно Сайфутдиновна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмысы жөніндегі проректоры (*онлайн катысуда*);

2. Атемова Калипа Турсыновна - педагогика ғылымдарының докторы, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Педагогика кафедрасының профессоры (офлайн катысуда);

3. Рамазанова Динара Жубанышевна - философия докторы (PhD), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының меңгерушісі (іс-сапарда болуына байланысты *онлайн катысуда*);

4. Уайдуллақызы Эльмира - философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Бастауыш білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент) (офлайн катысуда).

4.1.2. 2024 жыл 22 қараша КЕ АҚ, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі біріккен диссертациялық кеңесте 8D01101 – «Педагогика және психология», білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» тақырыбында дайындалған докторлық диссертациясы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Педагогика және психология» жоғары мектебінде орындалған.

Қорғау: Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі біріккен диссертациялық кеңесте «6D010300 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша қорғалды. Қорғау тілі – қазақ тілі.

Ресми рецензенттер:

1. Бостанов Бектас Ганиевич – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің информатика кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а;

2. Мухамедиева Қымбатша Мауленовна – философия докторы (PhD), Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жаратылыстану жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры.

Ресми рецензенттер: педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің информатика кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а Бостанов Бектас Ганиевич және философия докторы (PhD), Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жаратылыстану жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры Мухамедиева Қымбатша Мауленовна.

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесшілері:

Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, (Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы);

Андасбаев Ерлан Сулейменович – техника ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы).

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Сенькина Гульжан Ержановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Смоленск мемлекеттік университеті (Смоленск қ., Ресей Федерациясы).

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – диссертациялық кеңестің төрағасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;

2. Шуиншина Шолпан Мырзақасымовна – диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Орта білім мазмұны институтының қауымдастырылған профессоры (доцент);

3. Rimantas Želvys (Желвис Римантас) – диссертациялық кеңестің шетелдік ғалым – доктор, Вильнюс Университетінің профессоры (Вильнюс қ. Литва);

4. Туралбаева Алмаш Турганбаевна – диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің философия докторы (PhD).

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

1. Сыдыхов Бахыт Дикамбаевич – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің информатика және білімді

ақпараттандыру кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

2. Сембаев Талгат Мухаметканович – философия докторы (PhD), Astana IT University компьютерлік инженерия кафедрасының ассистент-профессоры (Астана қ., Қазақстан Республикасы);

3. Кенесбаев Серик Муктарович – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің информатика кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

4.2. диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

4.2.1. Ансабаева Айнура Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №726 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы негізінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасына, ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы/ҚР Үкіметінің №248 2023 жылдың 28 наурыздағы қаулысы/ мен ҚР мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы № 249 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы қаулысына сәйкес және үйлесімді келеді.

Диссертация еліміздің білім беру және ғылым саласының алдына қойылған міндеттермен тығыз байланысты және оны жүзеге асырудың тетіктерін Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әрекетіндегі ата-аналармен байланыстарын замани тұрғыдан ұйымдастыруға арналған зерттеу жұмысы ретінде орын алады. Диссертациялық зерттеу жұмысының уақыт талабына сай болумен қатар, қазіргі ұрпақ тәрбиеіндегі ата-аналармен өзара байланыс әрекетін күшейту және бастауыш сыныптардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық ықпал жасаудың жаңшыл әдіс тәсілдерімен жұмыс дасау керектігі деген ойлар - Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз. Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына жетеді. Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі», идеяға бағытталағандығы анық көрініс береді.

Бұл өз кезегінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің маңыздылығын аша түседі. Сонымен бірге, «Мектеп – бала – ата-ана» үштігі қағидасы негізінде мектеп пен отбасының арасындағы тығыз қарым-қатынасқа және адамзаттық құндылықтарға негізделген бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу мен оқыту жүйесін үйлесімді қалыптастыруда мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің нақты қадамдарын ашуды басшылыққа алған көрсетеді.

Қазіргі жағдайда отбасылық тәрбие дағдарысы мектеп үшін балалармен педагогикалық жұмыстың күрделенуіне ғана емес, ата-аналармен жұмыстың күрделенуіне де әсер етеді. Экономикалық реформалар нәтижесінде отбасы қалыпты емес педагогикалық-тәрбие жағдайына тап болды. Көптеген ата-аналардың баланы тәрбиелеу мен жеке дамыту мәселелерін шешуден өзін-өзі алшақтату үрдісі күшейе түсті. Сондықтан диссертациялық жұмыста қазіргі таңда көптеген отбасылар экономикалық ахуалдар шешумен, күнгөріс мәселелерімен айналысып, кейде баланың тұлғалық қалыптасуы мен тәрбиелік сұрақтарды шешудің мәселелерін жеке қалдырып қоюы жайындағы өзекті мәселелеріді қарастырғандығымен көрініс тауып отыр.

Диссертациялық зерттеу жұмысында докторант болашақ және қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі заманауи мұғалімнің кәсіби қызмет

саласындағы табысының басты жетекші және негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырып, оның мазмұндық құрылымын ғылыми негізде айналымға түсірген. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға негізделген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың және қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі қағидаттарын белгілейді, олардың жүзеге асырылуы педагогикалық қабілеттердің жоғары деңгейі бар білікті кәсіби кадрлар болған жағдайда мүмкін болатындығына бағытталаған міндеттерді орындау және ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығын анықтайды.

4.2.2. Ізденуші докторант Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Жаңа Қазақстан: Жаңару және жаңғырту жолы. 2022 жылғы 16 наурыз. Еуропалық сынақ бірліктерін тасымалдау және жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі нұсқаулық; Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

«Білім туралы», «Ғылым туралы» және «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдары. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам»; «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығы.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны білім беру саласындағы мамандарға қатысты, себебі, көп жағдайда, еліміздің қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық саясатын реформалаудағы жетістіктер білім беру қызметінің сапасына байланыстылығына басымдық бере отырып, зерттеу жұмысының мазмұнын құрастырып және осы мәселедегі көкейкестіліктің түйінін шешуге анықталаған. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде білім беру робототехникасын қолдану бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанына қарамастан, осы бейіндегі мамандардың қажеттілігі және робототехника мұғалімдерін мақсатты даярлаудың болмауы зерттеу өзектілігінің шарты болып табылады. Педагогика ғылымында мектепке дейінгі, мектеп және жоғары білім беру контекстінде робототехниканы оқытудың нақты парадигмасы әлі жоқ, оның ауқымды пәнаралық мүмкіндіктеріне қарамастан білім беру робототехникасын қолданудың мақсатты әдістемесі әзірленбеген. Шын мәнінде, бұл қосымша даму жүйесінде жеткіліксіз пысықталмаған процесс. Бұл, ең алдымен, білім беру робототехникасының бейресми білім беру контекстінде болуына байланысты. Қазақстандық индустрияның техникалық мамандарды даярлау қажеттілігіне, сондай-ақ робототехника бойынша білікті кадрлардың болмауын негізге ала отырып, ЖОО-да болашақ физика және информатика мұғалімдерін білім беру робототехникасын оқытуға даярлаудың ұсынылған бастамасы жаңа және өте өзекті болып табылады.

Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетілдіру және дамыту ғылыми зерттеулердің сипатына, білімге, мәдениетке, өмірге, әлеуметтік қатынастарға және т.б. үлкен әсерін тигізеді. Бұл ғылыми-техникалық жетістіктер деңгейіне қатысты білім мазмұнына тікелей әсер етеді, сонымен қатар, робототехника саласындағы жаңа мамандықтардың пайда болуымен байланысты. Білім беру жүйесін дамыту мен жетілдірудің маңызды бағыттарының ішінде оқу процесін ақпараттандыру және білім беру мазмұнын іргелі ету мәселелері де үлкен маңызға ие. Бұл ретте оқу процесін ақпараттандыру да күрделі және бірінші кезекте педагогикалық проблема болып табылатынын ерекше атап өтеміз. Оқу процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдарын пайдалану педагогикалық тексерілген және жүйелі болуы керек.

Диссертациялық зерттеу жұмысы еліміздегі педагогика ғылымының дамуында жасанды зияткерлік сала бағытынмен байланыстыру арқылы педагогикалық процестегі работатехникамен интеграциялау арқылы жетілдіру мәселесіне елеулі үлес қосады, қоғамның серпін сұраныстары жұмыстың өзектілігін арттырады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау ғылыми әлеуетті арттыру, ғылыми жобаларды коммерциализациялау, инновациялық технологияны енгізу, білім беруді ұйымдастыруда мемлекеттік-жеке әріптестікті қалыптастыру, университеттерге академиялық еркіндік беру жолымен болашақ мамандар даярлауға бағытталғандығы ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы ғылыми нәтижелер алынды:

4.3.1. Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» докторлық диссертациясының ғылыми нәтижесі:

Бірінші ғылыми нәтиже – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық тұрғыда негізделді, ғылыми генезисі зерделенген;

Екінші ғылыми нәтиже – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген;

Үшінші ғылыми нәтиже - Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары негізделген.

Төртінші ғылыми нәтиже - Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері. Диссертациялық жұмыстың жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелерінің арасындағы байланыстар логикалық сипатта көрініс табады. Ішкі бірлігі мен логикасы Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның диссертациясының құрылымы мен мәтінде жұмыстың мазмұнын толық ашады және ол Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті «Ережесінің» PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.

1. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін теориялық тұрғыда негіздеу, ғылыми генезисін зерделеуі;

2. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуі;

3. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттарын негіздеуі.

4. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесін дайындау және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілгендігі.

Алынған нәтижелері жұмыстың негізгі мақсатына сай, зерттеудің жалпы құрылымы ішкі бірлігі мен өзара байланысы жоғары деңгейде кешенді түрде бірізді орындалған ғылыми шешімдердің желісі ретінде қабылданды және ғылыми біліктілігі бар, іргелі, тұтастығын беретін ғылыми зерттеу жұмысы деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысының практикаға ендірілуі.

1. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының әрекеттестігі //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. №4/60. – Алматы, 2018. 338-343 бб.;

2. Взаимодействие школы и семьи в процессе воспитания младших школьников// Сборник статей IX международной научно-практической конференции «Научная дискуссия

современной молодежи: актуальные вопросы, достижения и инновации». – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2019. С. 92-94;

3. Оқушыларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі// «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, 2019. 52-57 бб.;

4. Влияние семьи на развитие личности. Научные исследования в современном мире: теория, методология, практика / Сборник статей по материалам международной научно-практической конференции. В 3 ч. Ч.3/ – Уфа: Изд. НИЦ Вестник науки, 2019. С. 78-83;

5. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының әрекеттестігі «Science and education in the modern world: challenges of the XXI century» атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Нұр-Сұлтан. 2019. 144-147 бб.;

6. Қазіргі мектеп жағдайындағы ата-аналармен жұмыс, «Ұлт құндылығы – ұрпақ өзегі» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Талдықорған, 2019. 83-87 бб.;

7. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының ынтымақтастығы. «Глобальная наука и инновация 2020: Центральная Азия» № 6 (11). – Нур-Султан. 2020. 23-27 бб.;

8. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының әрекеттестігі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №5/3. – Алматы. 2020. 169 -176 бб.;

9. Школа, как институт стимулирования социализации обучающихся «Социальный педагог – исследователь». Российский государственный социальный университет, Сборник научных работ аспирантов и магистрантов, – Москва. 2020. С.155-160;

10. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі: теориялық және әдіснамалық мәселелер. «Innovation Management and Technology in the Era of Globalization»: Materials of the VII International Scientific-Practical Conference. Volume II. – London, UK. 2020. С. 155-159.

11. Герои Великой Отечественной войны – пример в духовно-нравственном и патриотическом воспитании. «Педагогика патриотизма в Великой Отечественной войне» международная научно-практическая конференция XXIII социально-педагогического чтения, посвященные 75 - летию победы в Великой Отечественной войне. – Москва, 2020. С. 78-83;

12. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі// Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. №3/62. – Атырау, 2021. 46-56 бб.;

13. Реализация воспитательной деятельности в условиях дистанционного обучения. Преподавание физической культуры, безопасности жизнедеятельности и биологии в образовательных организациях с учетом реализации моделей смешанного обучения. Материалы международного форума. – Екатеринбург. 2021. С. 27-33;

14. Қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыру. «Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау» - республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 74-76 бб.;

15. Студент жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелері. Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Борибекова Фарзана Борибековнаның 70 жас мерейтойына арналған «Білім берудің заманауи тәжірибесі және болашағы» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 9-12 бб.;

16. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің технологиясы //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. – Алматы. 2022. 285-297 бб.;

17. Technology of Interaction Between School and Family in the Education of Primary School Age Children, American Behavioral Scientist, Mailybaeva, G., Utegulov, D., Temerbayeva, Z., Nugmanova, F. 2023. L.1-13.

18. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: оқу құралы /Ансабаева А.Д., Мардахаев Л.В., Майлыбаева Г.С. – Талдықорған: Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің баспа бөлімі, 2022. – 113 б. ISBN 978-601-216-809-9.

19. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: электронды оқу құралы/Ансабаева А.Д., Мардахаев Л.В., Майлыбаева Г.С. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2022. – 123 б.

20. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: ғылыми туынды/ Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С., авторлық куәлік, «4» мамыр 2022. № 25786

21. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: ЭЕМ-ге арналған бағдарлама/ Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С., авторлық куәлік, «5» мамыр 2022. № 25859

Ғылыми жаңалығының, практикалық маңыздылығының қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын осы сала бойынша ғылымды дамытуға қосатын еңбек болып табылатындығы.

Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы докторлық жазылған диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ережелерінің 2, 5, 6 тармағының талаптарына сай келеді және диссертациялық жұмыс 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына сәйкес, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік мәнділігі қазіргі зертеушілік талаптарына жауап бере алатын, осы сала бойынша ғылымды дамытуға үлес қосатын ғылыми еңбек болып табылады.

4.3.2.Ізденуші докторант Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» докторлық диссертациясының ғылыми нәтижесі:

Бірінші ғылыми нәтиже – Алғаш рет қазақстандық педагогика және психологияда пәнаралық байланыс арқылы оқыту арқылы болашақ физика және информатика пәні мұғалімдерін даярлауда робототехникалық білім берудің теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделуге мүмкіндік жасалған;

Екінші ғылыми нәтиже – Робототехникалық бағытта білім беруге арналған оқу платформасының прототипін даярланып, мазмұндық құрылымы анықталады және дамыту тәжірибеде ашылған;

Үшінші ғылыми нәтиже - Қазақстандық педагогика және психология ғылымында Болашақ физика және информатика мұғалімдерін робототехниканы оқытуға дайындаудың негізгі алғышарттары зерттеліп, көрсетілген.

Төртінші ғылыми нәтиже - Робототехника курсының модульдік тәсіл негізінде оқытудың жобалық әдіс арқылы тиімділігін тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізу, ұсыныстар берілген.

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері. Диссертациялық жұмыстың жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелерінің арасындағы байланыстар логикалық сипатта көрініс табады. Ішкі бірлігі мен логикасы Ауелбек Мурат Ауелбекұлының диссертациясының құрылымы мен мәтінінде жұмыстың мазмұнын толық ашады және ол Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым

және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті «Ережесінің» PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.

1. Болашақ физика және информатика пәні мұғалімдерін даярлауда пәнаралық байланыс арқылы робототехникалық білім берудің ғылыми теориялық мазмұнын негізделген;

2. Робототехникалық бағытта білім беруді оқытуға арналған оқу платформасының прототипін әзірлеу, мазмұндық құрылымын жүйеленген;

3. Болашақ физика және информатика пәні мұғалімдеріне робототехникалық білім берудің алғы шарттарын анықталған;

4. Робототехника курсының модульдік тәсіл негізінде оқытудың әдістемесін жасау, оның тиімділігін сынақтан өткізу, тәжірибеде тексеру арқылы тиімділігін анықтаған.

Алынған нәтижелері жұмыстың негізгі мақсатына сай, зерттеудің жалпы құрылымы ішкі бірлігі мен өзара байланысы жоғары деңгейде кешенді түрде бірізді орындалған ғылыми шешімдердің желісі ретінде қабылданды және ғылыми біліктілігі бар, іргелі, тұтастығын беретін ғылыми зерттеу жұмысы деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысының практикаға ендірілуі.

1. Auyelbek, M., Ybyraimzhanov, K., Andasbayev, E., Abdykerimova, E., & Turkmenbayev, A. (2022). Analysis of studies in the literature on educational robotics. *Journal of Turkish Science Education*, 19(4), 1267-1290, <https://doi.org/10.36681/tused.2022.174>

2. К.Т. Ыбыраимжанов, Е.С. Андасбаев, М.А. Ауелбек. Применение образовательной робототехники в педагогическом процессе, Серия «Педагогические науки» Series «Pedagogical sciences», №2(70), 2021 ж. <https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-5496.12>

3. Ауелбек М.А., Сенькина Г.Е. «АКТ мәнмәтінінде білім беру робототехникасы, физика және информатика коллаборациясының педагогикалық мүмкіндіктері». *«Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(75), 2022 ж.* <https://doi.org/10.51889/9653.2022.13.36.015>

4. Сенькина Г.Е., Ауелбек М.А. Педагогические аспекты преподавания робототехники на основе онлайн симуляторов, Серия «Педагогические науки» №2(74), 2022 ж. <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.14>

5. Ауелбек М.А., Ыбыраимжанов К.Т., Ауелбекова Б.А. Scientific Collection Interconf, №120 August, 2022, Recent Advances in Global Science, VILNUS, LITHUANIA, 16-18.08.2022, *«Применение онлайн- симуляторов в изучении и преподавании образовательной робототехники»*. (120), 56–62. Retrieved from <https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/article/view/1104>

6. Жетісу Университеттің 50 жылдығына арналған, «Болашақ ұрпағы: ғылым мен білімнің тәжірибесі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ «Физиканы оқытуда білім беру робототехникасын қолдану», 378 – 382, 2022.

7. Ауелбек М. А., Ыбыраимжанов К.Т., Ауелбекова Б.А. Психолого-педагогические проблемы образовательной робототехники. Scientific Collection «InterConf», (153): with the Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference «Society and Science: Interconnection» (May 6-8, 2023; Porto, Portugal) by the SPC «InterConf». Kramer, 2023. 385 p. ISBN 978-989-20-0402-0 (series)

Ғылыми жаңалығының, практикалық маңыздылығының қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын осы сала бойынша ғылымды дамытуға қосатын еңбек болып табылатындығы.

Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» тақырыбындағы докторлық жазылған диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ережелерінің 2, 5, 6 тармағының талаптарына сай келеді және диссертациялық жұмыс бD010300 - «Педагогика және психология» мамандығына сәйкес, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік мәнділігі қазіргі зертеушілік талаптарына жауап бере алатын, осы сала бойынша ғылымды дамытуға үлес қосатын ғылыми еңбек болып табылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып). Сапасыз пікір болған жоқ.

5.1. Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттер: 1. **Амирова Амина Слямхановна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімі. Мамандық шифры: 13.00.01 – «Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика». 2. **Шуиншина Шолпан Мырзакасымовна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы үздіксіз білім беру орталығының КЕ АҚ жетекші ғылыми қызметкері, Жаратылыстану-математика бағыты пәндері мен STEM технологиясы зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ президентінің ғылым жөніндегі кеңесшісі. 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика.

Ресми рецензенттер: педагогика ғылымдарының докторы, профессор Амирова Амина Слямхановна және п.ғ.к., доцент Шуиншина Шолпан Мырзакасымовна диссертациялық кеңес мәжілісіне онлайн қатысты және оң пікірлерін берді.

5.2 Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы ресми рецензенттері: 1. Бостанов Бектас Ганиевич – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің информатика кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а; 2. Мухамедиева Қымбатша Мауленовна – философия докторы (PhD), Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жаратылыстану жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры.

Ресми рецензенттер: педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің информатика кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а Бостанов Бектас Ганиевич офлайн және философия докторы (PhD), Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жаратылыстану жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры Мухамедиева Қымбатша Мауленовна диссертациялық кеңес мәжілісіне онлайн қатысты және оң пікірлерін берді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология, мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі типтік ережелердің талаптарына сәйкес жұмысын жетілдіруді басшылыққа ұстау. Диссертациялық жұмыстың сапасы мен мазмұнын көтеру үшін докторанттар докторантураны білім беру бағдарламасын толық аяқтап, ғылыми зерттеу жұмыстарының талаптарын толық типтік ережеге сәйкес орындағанды қадағалап және мамандандырылған жоғары мектептің ғылыми жұмыстарды талқылау және шешімдер мен қорытындылар жасауда профессор-оқытушылар әрі ізденуші докторанттар қатыстырылатын кеңейтілген академиялық мәжілісінде талқылаудан өтіп, мамандандырылған докторлық кеңеске қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстарды, диссертациялық кеңестің *онлайн* ұйымдастырылатын әдістемелік семинарында қарастыра отырып, рецензенттерін тағайындауға және қорғау күні мен уақытын анықтау жұмыстарында диссертациялық кеңесте қорғау жөнінде ұсынылған диссертациялық жұмыстың тақырыптың проблемалық мәселесіне сәйкес зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазған ғалымдарды уақытша мүшелікке шақыруда сәйкестігін анықтап, типтік ереженің талаптарын сақтау жұмыстарын жүйелі жүргізу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жалпы саны 2, оның ішінде 1- докторанттың жұмыс Ансабаева Айнур

Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында диссертациялық жұмыс «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» «Педагогика және психология» факультетінде 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша орындалған.

2-ші докторантың жұмысы Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» тақырыбында диссертациялық жұмыс «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» «Педагогика және психология» факультетінде 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша орындалған.

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ және басқа ЖОО докторанттары болған жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында диссертациялық жұмыс «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» «Педагогика және психология» факультетінде 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша орындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2024 жылғы 03 мамырдағы № 444 «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» бұйрығымен бекітілді. Ансабаева Айнур Дуйсеновнаға 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

2-ші докторантың жұмысы Ауелбек Мурат Ауелбекұлының «Болашақ физика, информатика мұғалімдерін мектепте робототехниканы оқытуға даярлау (модульдік тәсіл негізінде)» тақырыбында диссертациялық жұмыс «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» «Педагогика және психология» факультетінде 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша орындалған диссертациялық жұмысының аттестациялық ісі *қазіргі уақытта Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде қаралуда.*

б) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрамындағы 6D010000-Білім (Педагогикалық ғылымдар) бағыты: 8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау - 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 – Педагогика және психология мамандықтарынан философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғауға құрылған біріккен кеңес жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің /№190 бұйрығының негізінде «02» мамыр 2023 жылдан - «31» желтоқсан 2025ж./ дейінгі мерзімге дейін жұмыс жасайды.

8. Диссертациялық кеңестің құрамы шетел ғалымдарымен толықтыру және диссертациялық кеңес ережесін жаңа мазмұнда толықтыру.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (PhD) докторлық диссертацияларды қорғау бағытында құрылған диссертациялық кеңестердің жұмыстарын жаңа мазмұнда ұйымдастыру талаптарына сәйкес тұрақты мүшелері – шетелдік ғалымдарды рейтингі (QS) QS World University Rankings – топ - 500 кіретін шетелдік жоғары оқу орындарымен толықтырылды.

Университеттің ғылыми кеңесінде қарастырылып, шешіммен бекітілді. «30» қыркүйек 2024 ж. Хаттама №

«8D013 – «Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» бағыты «8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 8D011 – «Педагогика және психология» бағыты 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғату жөніндегі біріккен Диссертациялық кеңестің құрамын шетел ғалымдарымен толықтыру және бекіту туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес** шешімі:

Біріккен Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері - шетелдік ғалымдар төмендегі тізімде және білім беру бағдарламалары бойынша бекітілсін:

- Закирова Венера Гильмхановна - п.ғ.д. профессор, Қазан федералдық университеті Қазан қ, Ресей Федерациясы, Ресей азаматы. **Хирш индексі=15**. Білім беру бағдарламасы: 8D01301-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі». *Рейтинг: (QS) QS World University Rankings - 401.*

- Желвис Римантас. профессор, доктор. Вильнюс Университетас, Вильнюс қ. Литва азаматы. **Хирш индексі=6**. Білім беру бағдарламасы: 8D01101- «Педагогика және психология». *Рейтинг: (QS) QS World University Rankings – 439.*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің жаңа мазмұнды ережесіне сәйкес 8D013 – «Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» бағыты «8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 8D011 – «Педагогика және психология» бағыты 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғату жөніндегі біріккен Диссертациялық кеңестің құрамы шетел ғалымдарымен толықтырылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің № 15-15-4-14/8383-И от 04.10.2024 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына **жолдаған хатына және** Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ағымдағы жылғы 23 және 29 тамызда өткізген диссертациялық кеңес төрағаларына және ғылыми журналдар редакторларына арналған оқыту семинары негізінде «Диссертациялық кеңес ережесін» жаңа мазмұнда толықтырулар жасалып, қайта бекітілді.

Диссертациялық кеңес
төрағасы



Қ.Т. Ыбыраимжанов

Диссертациялық
кеңестің
хатшысы ғалым



А.Т. Туралбаева